

Шығыс Қазақстан облысының жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының тізбесін бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 19 қыркүйектегі № 236 қаулысы

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағының 3-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Шығыс Қазақстан облысының жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының тізбесі бекітілсін.

2. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялау үшін "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің сайтында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шығыс Қазақстан облысы әкімінің агроөнеркәсіп кешені мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Н. Сақтағанов

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Балық шаруашылығы комитеті

Зайсан-Ертіс облысаралық бассейндік

балық шаруашылығы инспекциясының басшысы

Т. Рахимжанов

2025 жылғы "19" қыркүйек

"Келісілді"

Су ресурстары және ирригация министрлігі

Су шаруашылығы комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу және

қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясының басшысы

Шығыс Қазақстан облысының жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының тізбесі

р/с	Су тоғанының атауы	Ауданы, гектар	Тұрпаты
1	2	3	4
Глубокое ауданы			
1.	Белоусовка кентінің Глубочанка өзеніндегі су қоймасы	55,0	жасанды
2.	Жуковка бұлағындағы су қоймасы	27,9	жасанды
3.	Красноярка бұлағындағы су қоймасы	24,0	жасанды
4.	Белоусовка кентінің Кукуевка бұлағындағы су қоймасы	1,7	жасанды
5.	Секисовка өзеніндегі су қоймасы	36,0	жасанды
6.	Степное ауылындағы қазаншұңқыр	3,8	жасанды
7.	Церковка бұлағындағы № 1 тоған	1,8	жасанды
8.	Крутишка өзеніндегі № 2 тоған	3,4	жасанды
9.	Церковка бұлағындағы № 2 тоған	3,5	жасанды
10.	Ушаново ауылындағы тоған	1,8	жасанды
11.	Малая Таловка өзеніндегі тоған	6,4	жасанды
12.	Солнечный кентіндегі Маховка өзеніндегі тоған	8,4	жасанды
Алтай ауданы			
13.	Бородинское көлі	4,0	табиғи
14.	Октябрь кентінің тоған-копаны	16,0	жасанды
Самар ауданы			
15.	Ешкібай су қоймасы	129,0	жасанды
16.	Казнаковка көлі	50,0	табиғи
17.	Комсомол көлі	24,0	табиғи
Күршім ауданы			
18.	Арасан көлі	140,0	табиғи
19.	Батырханкөл көлі	24,0	табиғи
20.	Бұрмакөл көлі	139,0	табиғи
21.	Кемеркөл көлі	240,0	табиғи
22.	Кенжебай көлі	300,0	жасанды
23.	Сарыөлең көлі	75,0	табиғи
24.	Көгедай көлі	60,0	табиғи
Ұлан ауданы			
25.	Аблакетка өзеніндегі су қоймасы	50,0	жасанды
26.	Дресвянка өзеніндегі су қоймасы	250,0	жасанды

27.	Құрпа өзеніндегі су қоймасы	211,0	жасанды
28.	Тайынты (Тайынты) өзеніндегі су қоймасы	87,5	жасанды
29.	Ұлан өзеніндегі № 1 су қоймасы	160,0	жасанды
30.	Ұлан өзеніндегі № 3 су қоймасы	152,0	жасанды
31.	Шыбындыкөл көлі	70,0	табиғи
32.	Жартас өзеніндегі тоған	47,0	жасанды
33.	Қолбала өзеніндегі тоған	4,0	жасанды
34.	Маймекен өзеніндегі тоған	10,0	жасанды
35.	Песчанка өзеніндегі тоған	53,0	жасанды
36.	Тұғыл өзеніндегі тоған	115,0	жасанды
Өскемен қаласы			
37.	Ұлан өзеніндегі тоған	35,0	жасанды
38.	23 км станция тоғаны	0,83	табиғи
Шемонаиха ауданы			
39.	Суық қайнар бұлағындағы Жоғарғы тоған	1,0	жасанды
40.	Кабановский тоғаны	2,0	жасанды
41.	Вавилонка бұлағындағы тоған (Кенюховское)	54,0	жасанды
42.	Лосиха бұлағындағы тоған	18,0	жасанды
43.	Поперечный бұлағындағы тоған	56,0	жасанды
44.	Спасская өзеніндегі тоған (Ильич тоғаны)	4,5	жасанды
45.	Вавилонка бұлағындағы тоған (Мокрый лог)	8,0	жасанды
46.	Суық қайнар бұлағындағы Төменгі тоған	2,4	жасанды